

2011 жылы Егіндікөл ауданының аумағында тұратын, нысаналы топқа жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Егіндікөл ауданының әкімдігінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № А-12/274 қаулысы. Ақмола облысы Егіндікөл аудандық Әділет басқармасында 2011 жылы 18 қаңтардағы № 1-8-108. Қолдану мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімі аппаратының 2013 жылғы 10 маусымдағы № 495 хатымен)

Ескерту. Қолдану мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімі аппаратының 10.06.2013 № 495 хатымен)

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5, 7 баптарына сәйкес Егіндікөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. 2011 жылы Егіндікөл ауданының аумағында тұратын, нысаналы топқа жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін: ұзақ уақыт бойы (жылдан артық) жұмыс істемейтіндер; 24 жасқа дейінгі жастар.

2. Егіндікөл ауданы әкімдігінің «2010 жылы Егіндікөл ауданының аумағында тұратын, нысаналы топқа жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгілеу туралы» 2010 жылғы 16 маусымдағы № а-6/124 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 1-8-96 тіркелген, аудандық «Шұғыла-Целинная нива» газетінде 2010 жылғы 28 маусым – 5 шілдеде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Ж.С.Ысқақоваға** жүктелсін.

4. Осы қаулы Егіндікөл ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Егіндікөл ауданының әкімі

Б.Сұлтанов

